

Бекітемін  
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж. С.



### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы	Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Жоспардың құрылу кезені	02.01-06.01.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шанды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.
			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету),

			<p>Максат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Максат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)</b></p> <p><b>Санамақтар айтқызу.</b>  <b>"Кел, санайық санамақ".</b>  Бір, екі, үш,  Бір, екі, үш,  Ал, кәнеки, үш.  Төрт, бес, алты, жеті,  Төрт, бес, алты, жеті,  Мынау - ауыл шеті.  Сегіз, тоғыз, он,  Сегіз, тоғыз, он,  Ал, кәнеки, қон.  Асықпа да саспа,  Бірден қайта баста. <b>(қазақ тілі, математика негіздері)</b></p>	<p>Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату).  Айналып, онға ұшып (қолдармен бір жаққа бұрандау),  Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұрандау).  Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру),  Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Танертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</li> <li>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.</li> <li>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> <li>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</li> <li>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</li> </ol>				

	<p>2.2. Бастапқы калып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы калып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы калып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы калып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы калып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы калып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>			<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>			<p><b>Қысқы демалыс.</b></p> <p>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p><b>Қысқы демалыс.</b></p> <p>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p><b>Қысқы демалыс.</b></p> <p>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

**Қардың тереңдігін бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Жұмбақ

Көктен түсіп көбейді,  
Ұқсайды өзі шекерге,  
Бірақ ешкім жемейді,  
Жерде жатыр бекерге. Ол не?  
(Қар).

**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.

**Қимылды ойын:**  
«Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)

Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.

**Еңбек.** (еңбек дағдылары)

**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** (қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту)

Болжау.

Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.

Мақал-мәтел.

Қыс қандай болса, жаз да осындай.

**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.

**Қимылды ойын.** «Бәйге». (дене шынықтыру)

Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.

**Қар басуын бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Жұмбақ

Ұстай қалсаң еріп кетер,  
Әуре болма теріп бекер.  
(қар)

**Болжау.**

Қар түссе - күн жылынады

**Бақылау:** балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды.

**Қимылды ойын.**  
«Қармен ойнау». (дене шынықтыру)

Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға

			<p>Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру.</p> <p>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел сокқанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.</p> <p>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар.</b></p> <p>Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.</p>	<p><b>Еңбек.</b> Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Тәжірибе.</p> <p>Қардың қасиеттері.</p> <p>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.</p> <p>2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып катады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады.</p> <p>Қортынды.</p> <p>Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.</p>	<p>дағдыландыру.</p> <p><b>Еңбек. (еңбек дағдылары)</b></p> <p>Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар.</b></p> <p>Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтөңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p>"Көрнекі үйшік" құрылыс ойыны. Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру. (құрастыру)</p>	<p>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталаңдыру, көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру, жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен сокқылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу) (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>			<p>Суреттер қарастыру.</p>	<p>"Қар" тақпағын айтқызу.</p>	<p>Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы"</p>

			<p>Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопаев) Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды аскак Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b></p>			<p>кеңес. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"</p>	<p>Кеңес. "Саусак жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"</p>